

Қ.Т. Бөдеев

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: Bodeev-78@mail.ru)*

### **Қарағанды қаласындағы желтоқсан толқуы**

Мақалада Қарағанды қаласында өткен желтоқсан толқуының барысы, толқу аяқталғаннан кейінгі жазалау шараларының жүргізілуі, сол уақыттағы қоғамдағы жалпы ахуал қарастырылды. Қарағанды қаласында өткен толқуға қатысушылардың жай-күйі айтылды. Жазалау шаралары мен жазаланғандар тізімі қарастырылып, сұхбат негізінде сол уақыттағы кеңестік биліктің қуғындау әрекеттерінің XX ғасырдың соңындағы бейнесі зерттелді. Толқудан зардап шеккендердің сұхбат негізінде алынған естелік-әңгімелері айналымға енгізілді.

*Кілт сөздер:* тарих, желтоқсан толқуы, жазалау шаралары, саяси қуғын-сүргін, тәуелсіздік.

Биылғы жыл қоғамда ерекше аталып өтуі тиіс оқиғалардың бірі — желтоқсан толқуы. Үстіміздегі жылы 30 жыл толатын осы оқиға толыққанды зерттелді ме? Мемлекет тарапынан, қоғам мен қоғамдық ғылымдар тарапынан өз бағасын алды ма? Бұл оқиғаны қалай атауымыз керек? Оқиға ма? Қозғалыс па? Көтеріліс пе? Осы заңды сұрақтарға жауап беру мақсатында аталмыш мәселені зерттеуді жөн көрдік. Толқуға қатысқан әрбір адамның алға қойған мақсаты, өз пікірі болды. Қоғамдағы, адамдар бойындағы саяси өзгерістерді, науқанды өздері ұсына отырған билік қабылдауға қауқарсыз болды. Толқуға қатысқан жастар кейінгі жазалау шаралары нәтижесінде қудаланып, болашақтарына балта шабылды.

Желтоқсан оқиғасынан кейінгі жағдайдың қалай өрбігенін жақсы білеміз. Халқымызға «ұлтшыл» деген таңба басылды. Орталық баспасөз беттерінде қазақтың ұлттық ар-намысына тиетін мақалалар жиі басылды. Бұл науқанда орталық басылымдардан «өзіміздің» «Казахстанская правда», «Ленинская смена» газеттері де қалыспады. Қазақ көзге түрткі болып, оның басына бұлт үйірілді. Лауазымды орындағы қазақтарға сенбеушілік белең алып, оның сол орынға қалай жеткендігі астыртын тексеріле бастады. Процентке шағу деген пәле пайда болды. Сол кездегі Қарағандыдағы табысы мол кәсіпорындар қазақтарды неліктен жолатпайды деген мәселеге көңіл бөлінбеді. Ондай орындардың қазақтарға есігі жабықтығын ешкім қаперіне де алмады. Қазақтың тілі отбасынан тысқары шыға алмады.

Міне, осы және басқа қордаланып қалған жайларға назар аудармай, қайта тырнақ астынан кір іздеу белең алды. Кеңестік жүйе тиістерге жан таба алмай шырқ ұрды. Шүкіршілік ету керек, қай буында болмасын түйені түгімен жұтқан қазақтар табыла қоймады. Содан да болар, кейбір адам күлерлік, күнделікті тұрмыстық жайлар да ілік етіп алынып, ол баспасөзде жарияланып жатты. Басқа «ішіп-жегені» болмағандықтан, республикамызда кей қазақ басшыларына «пәтерлеріндегі электр қуатына ақыны уақытылы төлемегендігі үшін» де партиялық жаза қолдануға дейін барды.

Толқу өткен уақытта ҚарМУ-дың тарих факультетінің II курс студенті Б. Несіпов «Жалпы Қарағандыдағы Желтоқсанды ұйымдастырған негізінен юрфактың жігіттері болды. Себебі Қарағандыдағы оқиға басталар кезде жатақханаларға келіп, обкомның (қазіргі әкімшіліктің алды) алдына жиналайық деп жігіттер аралап шақырды. Өзінен-өзі жастар жинала салған жоқ қой. Бұл Оңтүстік Шығыста. Ал қалада әсіресе белсене қатысқан Индустриалды техникум, Политехника институты және филология факультетінің жігіттері мен қыздары» [1] деп еске алады.

Жазалау шаралары басталып, жоғарғы оқу орындарындағы студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамына шүйлігу басталды. Қазақтардың негізінен Қазақстандағы жоғарғы оқу орындары болмаса, сыртқа баруға көбінің қолы жетпейтіндігін ешкім түсінгісі келмеді. Сөйтіп, Қарағандының жоғары оқу орындарындағы оқытушы-профессорлардың және студенттердің ұлттық құрамы жіктеліп, процентке шағылып шыға келді. Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің мәліметінен: «Қарағанды мемлекеттік университеті, Политехникалық, Педагогикалық және Кооператив институттары мен Қарағанды металлургия комбинатының жанындағы Жоғары техникалық оқу орындарында барлығы 32076 студент бар, оның 19415-і күндізгі, 9063-і сырттай, 3598-і кешкі бөлімдерде оқиды. Осылардың 10930-ы орыс, немесе 34 процент, 13890-ы қазақ, немесе 43,3 процент. Күндізгі бөлімде орыс саны 5941, немесе 30,6 процент, қазақ саны 9682, немесе 49,9

процент. Кешкі бөлімде орыс саны 1605, немесе 44,6 процент, қазақ саны 947, немесе 26,3 процент, сырттай оқыту бөлімінде орыс саны 9063, немесе 37,3 процент, қазақтар да сол шамалас, 36 процент» [2; 22].

Тиісті орындардың процентке жүгінгенінен ештеңе шықпады. Себебі көрсеткіштерде ештеңе жоқ еді. Содан да болар, бұл мәселе бойынша қудалауды тоқтатты. Тек «оқытушы-профессор құрамының саны университет пен Кооператив институтында қазақтарға ауыңқырап кеткені» айтылды. Сөйтсе де жоғарыдан түскен нұсқау негізінде желтоқсан оқиғасына қатысы барларды қудалау, оқудан шығару мен жұмыстан босату, жазалау шарасынан ешкім шет қалмады. Алдымен басты соққы 19–20 желтоқсан күндері алаңға шыққан, ішкі істер органдарына жеткізіліп, аты-жөндері қағазға түскендерге тиді.

Қарағандыдағы 19–20 желтоқсан күнгі оқиғаға қатысушылардың бәрі де өзінің оған қатысына байланысты тиісінше жазаланды. Сотталғандар да болды. Көшеге шыққан жастардың әке-шешелері де назардан тыс қалмады. Олардың бала тәрбиесіндегі қателіктері беттеріне басылды, жиналыстарға салынды. Коммунист ата-аналар партиялық жаза алды.

Аты-жөні тізімге ілінген алаңға шығушылардың ең сенімсіз дегендері сот залынан бір-ақ шықса, қалғандары еңбек ұжымының, партия, комсомол ұйымдарының талқысына түсті. Жоғарғы оқу орындарынан желтоқсан оқиғасына қатысы барларды қатаң жазалау, тіпті оқудан шығаруға дейін бару қажеттігі талап етілді.

Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың соңына түсіп, оны қудалауға, оң жамбасқа келсе, сот алдында жауапқа тартуға деген ұмтылыс белең алған сол күндері талайлар жазықсыз жапа шекті. Баласы үшін ата-анасын жауапқа тартты, қызмет басында жүргендерді аудандық, қалалық, облыстық партия бюросына салып жатты. Журналистер Амантай Сағындықов пен Зарқын Тайшыбаевтардың сондарына «балалары желтоқсан оқиғасына қатысқан» деп шам алып түсті. Партиялық қатаң шара қолданды. Қарағандыдағы желтоқсан оқиғасына қатысқан бірнеше адам сот алдында жауапқа тартылды. Соның бірі Қарағанды жүк-автотранспорт басқармасында бухгалтер болып істейтін Р.М. Сәрсембекова еді. Сот процесі баршаға жария түрде өтті. Бұқаралық ақпарат құралдары «басбұзар» Сәрсембекова туралы жарыса жазды. Ресми органдар тарапынан берілген «Сот залынан» деген айдармен «Арандатқаны үшін жазаланды» деген шағын хабар облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 1987 жылғы 25 ақпандағы күнгі санында жарияланды. Онда «Қарағанды жүк-автотранспорт басқармасында бухгалтер-ревизор болып істейтін Р.М. Сәрсембекова қоғамға жат арандату әрекеттерін жүргізіп, жауапсыздыққа, саяси сауатсыздыққа салынғаны үшін жауапқа тартылды делінген.

1986 жылғы 17–18 декабрьде Алматыда бір топ оқушы-жастардың жат құбылыстарды арандатып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы шешіміне қарсы тәртіпсіздік жасағанын естіген Р.М. Сәрсембекова 19 желтоқсанда Қарағанды аяқ-киім фабрикасының жатақханасында жиналыс ұйымдастырған. Ол жиналғандарды жұмысқа шықпауға және бұл қолайсыз жат әрекеттерді қолдануға шақырып, үгіттеген. Оның үгітіне ерген кейбір саяси санасыз жергілікті ұлттың осы фабрикадағы қызметкерлері жұмысқа бармай, өздерінің пленум шешіміне келіспейтіндігін айту мақсатында көшеге шыққан.

Қарағанды облыстық соты бұл істі қарап, Р.М. Сәрсембекованы, Қазақ ССР-нің Қылмыстық кодексінің 60 статьясында көрсетілгеніндей, қылмысқа айыпты деп танып, оны жергілікті жерде міндетті түрде еңбекке қатыстырып, шартты түрде екі жылға бас еркінен айыруға үкім шығарды» делінген.

Мұрағат материалдары бойынша Қарағандыдағы желтоқсан толқуы бойынша 5 қыз-келіншек сотталған. Олар Р.К. Әлиева, А.Г. Еркімбекова, Ж.А. Досанова, Г.К. Мусина және жоғарыда аталған Р.М. Сәрсембекова [3].

Мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, оларды шартты жазаға кескен. Бірақ сол оқиға кезінде куәгер болғандардың бірі «...Желтоқсан оқиғасы күндері «студент жастар арасында ұлтшылдық пиғылдағы үндеу паракшыларын таратты» деген айыппен Қарағанды мемлекеттік медицина институтының бірінші курс студенттері Г. Мусина, Ж. Досанова және А. Еркімбекова оқудан шығарылып, қамауға алынды. Г. Мусина мен А. Еркімбекова екі жылға, Ж. Досанова бір жарым жылға бас еріктерінен айырылады. Міне, сол кездегі «Кеңестік әділ соттың» үкімінің түрі.

Жақында редакцияның арнайы тапсырмасымен осы беймезгіл үсікке ұрынған үш қызғалдақ туралы газетке мақала жазу үшін бірнеше күн деректер іздестірдік. Өкінішке орай, бұлардың үшеуі де қазір сырт облыстарда тұрады. Сол себепті олармен жүздесудің сәті түспеді. Қолда бар дерекке

қарағанда, Г. Мусина жазасын өтеп шыққан соң бұрынғы оқуына қайта қабылданып, 1993 ж. Қарағанды мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітіріп шығыпты. А.Еркімбаева жазықсыз жазаның салдарынан денсаулығынан айырылып, кемтар болып қалған көрінеді. Ал, Жанат Досанова қазір Жезқазған қаласында тұрады. Тұрмысқа шыққан, Абай мен Абылай есімді екі баланың анасы. Ол оқудан шығарылған соң көп мұхнат тартып, өзінің Жезқазғанына қайтып оралған. Сондағы тоқыма фабрикасында біраз уақыт жұмыс істеген. Кейін Жезқазған педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін қызыл дипломмен тәмамдап шығып, ұлағатты ұстаз атанған.

Желтоқсан оқиғасының Қарағандыдағы қаһарман қыздарының бірі Жанат Досанованың ерлігі республика жұртшылығына журналист Коммунар Табейдің «Мұзда жанған алау» атты кітабы арқылы жақсы белгілі. Сонда комиссия мүшелерінің бірі Жанат Досанованың басынан кешкен бейнеті туралы әңгімесін естігенде жан тебіренісін жасыра алмай, солқылдап жылап жіберіпті. Осы деректен-ақ Жанаттың тозақ отына тірідей түсіп шыққанын түсінуге болады» [4] деп еске алады.

Осы мәліметтердің өзі-ақ Алматыда басталған желтоқсан оқиғасының жаңғырығы Қарағандыны да айналып өтпегенін айқын дәлелдейді. Жоғарыда атап өткеніміздей, милицияның қолына түсіп, тізімге іліккендердің жазасыз қалғандары болмады. Ең жеңіл дегені талқылаумен құтылды.

Қарағанды облыстық партия комитетінің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған мәліметінен «19–20 желтоқсан күндерінде оқиғаға қатысуына байланысты Қарағанды университетінен 12, Политехника институтынан 6, Медицина институтынан 28, Педагогика институтынан белгісіз, Кооператив институтынан 3 студент оқудан шығарылады. Мәдени-ағарту училищесінен 9, индустриалды-педагогикалық техникумынан 2, есеп-кредит техникумының 4 оқушысы да оқудан шығарылды. Жоғары оқу орындарындағы 59 адамға қатаң сөгіс берілді ...» [2; 27].

Жастар наразылығынан кейін арада бірнеше күннен соң, атап айтқанда, 1986 жылғы 25 желтоқсанда облыстық партия комитетінің бюро мәжілісі өткен болатын. Оған обкомның бірінші хатшысы В.И. Локотунин төрағалық етті. Бюрода партиялық ұйымдастыру, идеологиялық жұмыстары, кадр саясатындағы, еңбекшілерге, әсіресе жастарға интернационалдық-патриоттық тәрбие берудегі елеулі кемшіліктерді жою жөніндегі мәселелер талқындалды.

Бюро мәжілісі: «Алматы қаласында 17–18 желтоқсанда болған жосықсыз көріністер сияқты Қарағанды қаласында ұлтшылдық шырмауындағы жігіттер мен қыздардың шағын тобының қоғамдық тәртіп бұзғуға тырысқан әрекеті жастар арасында патриоттық интернационалдық тәрбиені жедел күшейтуді талап етеді» деп атап көрсетеді. Жоғарыда өзіміз айтқан жастарға қолданылған шаралар патриоттық, интернационалистік тәртіпті «жедел күшейтудің» жолы ретінде жүзеге асырылған істердің бір бөлігі еді.

Мұнымен желтоқсан жыры тыйылмады. Облыстық партия комитеті жоғарғылардың шығарған қаулыларына орай желтоқсан оқиғасына дүркін-дүркін қайта оралып отырды. Соның ішінде ең үлкен басқосу Қарағандыда 1987 жылғы 21 наурызда өтті. Сол күні сенбіде Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің VII пленумы өтті. Онда СОКП Орталық Комитетінің «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» қаңтар (1987 ж.) Пленумының шешімдерін орындау жөніндегі «Облыстық партия ұйымдарының міндеттері туралы» обкомның бірінші хатшысы В.И.Локотунин баяндама жасады.

В.И.Локотунин баяндамасынан: «...келіп түсіп жатқан хаттар мен шағымдарда, сұрақтарда авторлар Алматыда және Қарағандыда орын алған жастардың ұлтшылдық әрекеттерін өткір сынға алған. Көптеген адамдар тәртіпсіздіктерге қатысқандардың қатаң жауапқа тартылуын ұсынады. Қазақ ұлтының өкілдері өздерінің хаттарында саяси жағынан жетілмеген жастардың сиықсыз қылығын айыптайды, мұндай жағдай ешқашан қайталанбайтындығына сенім білдіреді...» [2; 32].

Сол кездегі Қарағанды қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы жарыссөзде: «Студенттер мен оқытушылардың арасындағы түрлі ұлт өкілдерінің арасалмағын қалыптастыру оқу орындары басшыларының ырқымен шешілді. Бұл өткен жылдың желтоқсан айында орын алған келеңсіз көріністерге әкеп соқты, — десе, Пленумда сөз алғандардың бірі республиканың бұрынғы басшылығын «бетің бар, жүзің бар» демей, өткір сынға алды.

Пленумдағы жарыссөзден: «... Қонаевтың еркінсушілігі партиялық, іскерлік жағдайында емес, жауапсыздығында, оның Брежневпен ағайыншылық қатынас жасауында. Егер Брежнев Қонаевпен партиялық, іскерлік қатынаста болса, Қонаев соңғы 10–15 жыл бойы ардан безбеген болар еді...» деген пікірлер айтылды.

Кешегі қазақ елін басқарған азамат хақында ардақты ағаларымыздың бірі облыстық үлкен мінбеден осылай десе, басқаларға не жорық. Иә, сол кезде бәрін бетке айтып, тіліп тастау алабөтен көрініс берді, әрі қай кездегідей болмасын асыра сілтеушілік те кездеспей қалмады. Мәселенің байыбына бармаушылық, үстірт ғайбаттауға ұрындырды. Бұл жалғыз Қарағандыда ғана емес, жалпы республика бойынша белең алған көрініс еді.

Пленумда сөйлегендердің бәрі бірдей қазақ халқына күйе жақты дей алмаймыз. Әйтсе де жоғарыдағыдай сөздердің айтылып, оның жалпы жұртқа тарағаны ақиқат еді.

Обкомның 1-ші хатшысы В.И. Локотунин облыстық партия комитетінің 1987 жылғы 11 қарашада өткен пленумында СОКП-ның барлық ұлттық саясатын облыстың басшы органдарындағы ұлтшылдықтың цифрлық қатынасына әкеліп тіреді. Оның баяндамасында қазақтар ешқандай еңбегі сіңбестен-ақ басымдық алуда деген ой өзек болып өріліп отырды. Ол пленумда былай деп мәлімдеді: «Неғұрлым көкейтесті мәселелердің ішінен алдыңғы қатарға неміс тілін ана тіліндей оқып-үйрену, оқыту сапасын жақсарту міндеті қойылуда». Солай дей тұра, ол қазақ тілін оқыту мәселелері туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Желтоқсан оқиғасынан кейін Қарағанды қаласының жоғарғы оқу орындарында ұлты қазақ оқушыларды қуғындау басталды. Университеттің бірінші проректорынан бастап декандарға дейін орындарынан ауыстырылды.

Қарағандыдағы КСРО ИМ Жоғары мектебінде 1985–1990 жж. аралығында 33 оқытушы жұмыстан кетіріліп немесе басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылса, солардың 79 проценті жергілікті ұлттың өкілдері еді. Олардың арасында 29-ның ғылыми дәрежелері, атақтары болды, олар ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер және мақсатты аспирантура мен адъюнктураның 4 түлегі болатын.

Толқуға қатысушылардың бірі осы кезең жайлы: «Содан бастап бізге жатақханадан шығуға рұқсат бермеді. Институт оқытушылары күндіз-түні кезекпен күзетте тұрды. 1986 жылғы 19 желтоқсан мен 1987 жылғы 9 ақпан аралығында МКК-нің қызметкерлері бірнеше мәрте келіп, түсініктеме алып тұрды.

1987 жылғы ақпан айының алтысында институтта комсомол комитетінің бюросы болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумынан гөрі ұзақтау, жарты сағатқа созылған комсомол бюросы төмендегі шешімге келді:

- шеруге қатысқан студенттерді комсомолдан шығару;
- оларды институттан шығару үшін ректоратқа өтініш түсіру.

Шаш ал десе, бас алуға дайын тұрған комсомол мен ректораттың үкімі екі-үш күнде орындалып тынды» [5], деп еске алады.

СОКП Орталық Комитетінің 1986 жылғы 18 желтоқсанда қабылдаған «Алматыдағы жағдайға байланысты шаралар туралы» Қаулысын жүзеге асырудың іс-шараларын бекітті [6; 21]. Қабылдаған шешімде жаңа жыл мерекесі күндері партия, Совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлері, ұжым басшылары үшін жұмыс күні деп жарияланды. Барлық мекемелерде, ұжымдарда, кәсіпорындарда күн ұзақты кезекшілік ұйымдастырылатын болды.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 11 студенті оқудан шығарылды. Олардың қатарында Закарина А.К., Кунедиллов Н.Д., Тулеушова Е.Т., Накипова Г.К., Тусупбекова Т.А., Салиханова Г.А., Абишева М.М., Койманов К.Ш., Тулеубаева М.И., Дайрова Б.С., Бегалиева Л.Т. [7] болды. Физика факультетінің бес, филология факультетінің төрт, математика факультетінің екі студенті оқудан шығарылды.

ҚарМУ студенттеріне тағылған айып Желтоқсан толқуына қатысулары еді. Сонымен қатар идеологиялық, саяси, тәрбие жұмысында жіберілген олқылықтар, КСРО халықтарының достығы және интернационализм ұстанымдарындағы кемшіліктер т.б. Студенттерге тағылған айып қатарында ұлтшылдық та бар, нақтырақ айтар болсақ, «ұлтшылдық бағытты ұстанған топтарға ерген» [7; 1] деген де айып болды.

Қарағанды жоғарғы оқу орындары бойынша желтоқсан толқуына қатысқандар тізімі ҚОММ 205-қорының 113-ісінде берілген. Қарағанды мемлекеттік медицина институтының 28 студенті, ҚарМУ-дың 11, политехника институтының 6, кооперативтік институтының 3, есепті кредиттік техникумның 4 студентінің аты-жөні берілген.

Жазалау шаралары жайлы толқуға қатысушы Г. Накипова: «...тергеу бөлімінде бір офицерінің ақырып тұрып, «сендейлерді танкпен таптау керек» дегені әлі есімнен кетер емес. Қызбалығым ұстап «Керісінше, сендейлерді таптау керек, намысы жоқ, ездер...» деп айқайлағаным сол еді, қаматып

тастады. Шыңғырған қыздардың дауысы, у-шу, айқайлап жылау. «Енді не болар екен?» — деп, бір бірімізге жалтақтап қараймыз.

Екі күн қамақта ұстап босатты, артынша қудалаулар басталды. Күнде шақырып, түрлі сұрақтар қойып. «Не үшін бардың?», «Кім үгіттеді?» сынды сұрақтармен тергеу бөліміне қайта-қайта апарды. Желтоқсанның 20–23-теріне комсомол бюросының бірінші жиылысы өтті. Казанцев бастаған 33 бюро мүшелері түрлі сұрақ қойып, тура бір халық жауының бейнесін жасауға кірісіп кетті. Алғашқыда «қатаң сөгіс» жариялағанымен, 1987 жылдың 3 қаңтарында оқудан шығарды да жіберді. Әрбір сенбі ауылға барамыз. Өзімше жасырып жүрген едім, «барлығы жақсы» деп. Қаңтар айының ортасында үйге жеделхат келіпті. Үйге келсем, әкем сөйлеспейді, шешем мен жөнгем «Не болды? Неге шықтың алаңға? Біреу ішімдік ішкізді ме? Нашақор болып кеттің бе?» деген сынды сұрақтардың астына алды. Алғашқы күннен бастап-ақ, бізге «нашақор, ішкіш, басбұзар бұзақылар» деген айыптар тағылды. Шешеме айттым «Ішкен де жоқпын, біреу үгіттеген де жоқ, өз еркіммен бардым», — деп еске алады [8].

Сол кездегі жағдайда ендігі күнде қазақ азаматтарының қызметте өсуі, өз қарымы мен біліктілігін танытуы қиынға соқты. Қазақтар басқаларға халық жау болып көрінді. Сөйтсе де халықтың ұнжырғасы түспеді, олар келер күнде шындықтың суырылып шығарына, ақиқаттың айдай әлемге белгілі боларына сенді. Осы сенім қазақ халқының ынтымағын одан бетер шындап, халықты тас-түйін етті. Қазақтар ақиқаттың ақ таңы атар сол күндерді асыға күтті.

XX ғасырдың 80-жылдарының соңындағы өзгерістер қоғамдық-саяси өмірде жаңалықтар әкелді. Репрессияланған тұлғалар ақталып, қоғам бұрын тыйым салынып келген туындылармен таныса бастады. Саяси партиялар мен қозғалыстар құрылды. Елдегі оң өзгерістердің, жариялықтың арқасында оның түбегейлі шешілуін талап етті. Мұхтар Шаханов басқарған комиссия арқасында көптеген сұрақтарға жауап табылды. Комиссия былай деп атап көрсетті: «Қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсанда Алматыда және Қазақстанның бірқатар облыстарында бой көрсетулері ұлтшылдық сипатта болған емес. Мұның өзі конституция кепілдік берген және қайта құру жарияланған азаматтық және саяси айқындаманы еркін білдіру правосын пайдаланудың алғашқы әрекеті еді».

Жастар наразылығының тереңге бойлаған тамырлары тұрмыстың төмен деңгейінде, әлеуметтік әділетсіздік пен әміршіл-әкімшіл жүйенің кемшіліктерінде жатқан болатын. 1990 жылғы қыркүйекте баспасөз беттерінде жарияланған «Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17–18-інде болған оқиғаларға байланысты баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы» Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысы жұртшылықтан толық қолдау тапты. Содан бері де елімізде сан өзгерістер болды. Қазақстан егемен ел атанды. Қазақ елін әлем жұрты танып, білетін жағдайға жеттік.

Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы тарихтан өз орнын алды. Республикамыздың Президенті Н.Назарбаев өз Жарлығымен желтоқсанның 17 жұлдызын еліміздің Демократиялық жаңару күні деп жариялады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қазақстандағы 1896 жылғы желтоқсанның 17–18-індегі оқиғаларға қатысканы үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Заңы қабылданды [4; 24].

Қаулыда Алматы қаласында және жекелеген облыс орталықтарында 1986 жылғы желтоқсанның 17–18-індегі жұмысшы, оқушы және студент жастардың демократиялық ниеттегі бөлігі республикаға басшы етіп өз өкілін жіберген, сөйтіп, азаматтардың ашу-ызасын туғызып, қарсы әрекет жасауға арандатқан орталықтың өктемдік наразылық белгісі ретінде демонстрацияға шықты. Осы оқиғаға қатысқан көптеген адамдар негізсіз қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Имандылық, объективтілік және әділеттілік принциптерін басшылыққа алып, қаулы етемін:

1. Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18-індегі оқиғаларға қатыстаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар ақталған деп саналсын.

2. Осы Жарлық қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерлерінің, халық жасақшысының өміріне қатер төндіргені үшін сотталған әрі олар жөнінде қылмысты істерді қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталуы тиіс адамдарға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне Алматы қаласындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградау туралы Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңес

Президиумының жарлықтарын қате қабылдаған жарлықтар ретінде жою туралы мәселе қарау ұсынылсын.

КСРО Жоғарғы Кеңесіне осындай дәлелдерге сүйеніп, осы жағдайларға байланысты наградаларға ұсынылған барлық лауазымды адамдарды КСРО орденімен және медальдармен наградтау туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлықтарын жою туралы ұсыныс енгізілсін.

4. Желтоқсанның 17-сі Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні деп жариялансын», делінген.

«Жалпы желтоқсан қозғалысы оқиғасы дегенді қою керек, қою керек деймізде, айта береміз, бұл Желтоқсан қозғалысы! «Оқиға» деген бұл ауылда «бір шөп өртеніп кетіпті» деген сияқты, «қой қырылып кетіпті» боранда деген сияқты... Мысалы, Ұлт-азаттық қозғалысы бұл! 1986 жылғы Желтоқсан толқуы ол Алматыда ғана болған жоқ. Қарағандыда, Өскеменде, Жезқазғанда, Семейде өтті. Ол кәдімгідей бүкіл ұлт-азаттық қозғалыстай Алматыда басталды әрі қарай жалғасты. Ұлт-азаттық жалпы ұлттық сипат алған, республикалық сипат алған...», — деп еске алады толқуға қатысушы Қойлыбай Асанов [9]. «Сонымен қатар естеріңізде болсын, Сіздер зерттеп жүрсіздер, айтыңыздар, толқу тек Алматыда өтті дегенге үзілді-кесілді қарсымыз. Алматыда басталды, қалған жерде қолдау болды, бұл жерде де жұмысшы жастар, әйелдер сотталып кетті. Мынау Теміртаудың ар жағында Көксу деген әйелдер колониясында кәдімгідей қазақ қыздары отырып шықты, үш жыл, бес жылға сотталып. Біздің журналистер интервью алды, оқудан шыққан қаншама балалар болды, жұмыстан шығып сотталып кеткендер болды, жалғыз студенттер ғана емес, жұмысшы жастар болды, шахтерлар, кеншілер, енді, әйтеуір, қазақпыз дегендердің бәрі шықты. Ол кездегі Қарағандымен қазіргі Қарағандыны салыстыруға болмайды. Ол кезде қалада қазақтар 7-ақ процент. Оның өзінде көбі студенттер, студенттер жазғы демалысқа кеткен кезде 4-ақ процент болатын. Орыс қаласы болатын сондай дәуір еді...», — деп сөзін аяқтады.

Толқудан кейінгі жастардың ой-арманы жайлы желтоқсаншы Г. Накипова: «Бар ойым оқуға қайта қабылданып, әкем алдында ақталып, өзіме қайта дәлелдегім келді. 1988 шілдесінде ақталып, артынша оқуға қайта қабылданғанша КГБ аңдумен болды. Қайда бардым, кіммен сөйлестім, немен айналыстым — барлығы жіті бақылауда болды. Біз сендік, бұл уақыттың өткінші екеніне, ақиқат ашылып, бір кездері әділдіктің орнайтынына. Тіптен беделін жоғалта бастаған БЛКЖО-ға қайта өтіп, билетін де алып алдым», — деп сөзін аяқтады. Ақталып шыққан кезде, мемлекеттен «репрессияланғаны үшін берілетін төлемақыдан» [8] да бас тарттым, дейді.

Қазақстанды қамтыған толқудың тарихи маңызы жайлы Б.К. Адамбеков «1986 жылғы көтеріліс шыққан сол Кеңес Одағының іргетасын шайқалтты... Іле-шала Литва, Грузияда, Әзербайжанда коммунистік партияның саясатына, Кеңес Одағына қарсы қозғалыс басталды. Ал сол қозғалыстарды бастап берген 1986 жылдағы қазақ жастары» [10] деген баға берді. Осы пікірлерді қолдай отырып, Қазақстан Республикасының, яғни егемен елдің, іргетасын қалаған желтоқсаншылар екенін көреміз. Желтоқсан толқуына қатысқандардың арман-тілектері орындалуы үшін де қызмет етуіміз керек.

«Қаланың орыстануы да кеңестік саясат нәтижесінде жүзеге асты. Ендеше, 93 пайыз өзге ұлт ортасында отырып, осындай әрекеттерге бару ерлік емес пе? Бірақ біз әлі күнге сол толқуға қатысушылардың кім екендігінен де бейхабармыз. Сондықтан Қарағандыда халқымыздың рухын көтере білген жастар есімдерін жария ету, оларға құрмет көрсету жайын ойластырған жөн. Сол сияқты сыңаржақ саясатқа өз наразылығын білдіру үшін Қарағандыда 19 желтоқсанда студент жастар жиналған Гагарин атындағы алаңдағы үйлердің бірінің қабырғасына ескерткіш тақта орнату керек деп білемін. Желтоқсан оқиғасының XX ғасырдың соңғы ширегіндегі халқымыздың өрлігі мен ерлігінің тағы бір жарқын көрінісі болғандығын ұмытуға хақымыз жоқ», — дейді Қойлыбай Асанов [9].

Қарағанды қаласында өткен толқуды жеке, аймақтық толқу ретінде қарастырған дұрыс емес. Толқудың себептері, орталықтың шешіміне қарсылық ретінде стихиялы түрде басталды. Жылдар бойы жиналған саяси-әлеуметтік мәселелердің шешілмеуінен тығырыққа тірелген қоғам, мемлекет басшысының ауысуын асыра сілтеу саясаты ретінде қабылдады. Сонымен қатар КСРО басшыларының мемлекеттің дамуын «қайта құруға» сәйкес айқындаған бағыттарының іс жүзінде жүзеге аспауы негізгі себеп болды. Республиканың басқа да болып өткен толқуларымен, себеп-салдарлары, барысы ұқсас болғандықтан, республика көлеміндегі толқуды біртұтас оқиға ретінде қарастыру, әділ баға бергендік болар еді.

Сонымен қатар бұл тақырып әлі де болса тарихшылар тарапынан өз бағасын алуы керек. Желтоқсан толқуына қатысқандардың бүгінгі мақсаттарының бірі де осы болып отыр. Мемлекет

тарапынан қолдау көрсетіліп, ерліктері насихатталып, келешек ұрпаққа жеткізілуін қалайды. «Ерім деген ел болмаса, елім деген ер қайдан туадының» дәлелі. Ел келешегі келер ұрпақ екенін ескере отырып, жастар тәрбиесіндегі отансүйгіштік, еліне адал қызмет ету, қандай да болмасын қиындыққа төтеп бере алатын, шын мәнісінде толерантты қоғам құра алатын, әділ ұрпақ тәрбиелеуде қосар үлесі, айтылмағаны көп тақырып.

Толқуға қатысушылар толқу соңы қақтығыстарға ұласады деп ойламаған. Қыз-жігіттерді жағаласып жүріп, автобустарға сүйреп, саперлік күректермен ұрғылап, иттермен қуалай бастағасын қақтығысуға мәжбүр болған. СОКП дәрменсіздігі, қалыптасқан жағдайдан шыға алмауы, немқұрайлылық шындық іздеп шыққан жастардың осынша күй кешуіне себепші болды.

Тарихшылардың алдына туындайтын іргелі мәселелердің бірі — Желтоқсан толқуын қарастырудың өзіндік тәсілдерін қарастыру. Тарихтағы «Алматы оқиғасы», «Желтоқсан оқиғасы» деген тақырып атауларын өзгертетін уақыт келді. «Толқу» деп аталуға толықтай құқылы.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Несіпов Б. берген сұхбат. — 2016 ж. — 26 наур.
- 2 Луқпанов Е. Желтоқсан жаңғырығы. — Қарағанды: Болашак - Баспа, 2001. — 36 б.
- 3 Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты (КОММ). — 205-қ. — 6-т. — 1384-іс.
- 4 Мәнсұрұлы Т. Үсікке ұрынған үш тал гүл // Азия Транзит. — 2000. — № 9. — 8 б.
- 5 Саққұлақов Ж. Тағдырыма әсер етті // Орталық Қазақстан. — 2006. — 3 қаңт. — 3-б.
- 6 Байжантаев Б.Т. Жезқазған: желтоқсан — 1986 жыл. — Жезқазған, 1999. — 61 б.
- 7 ҚарМУ мұрағаты. — 764-қ. — 2-т. — 262-іс. — 1-2-б.
- 8 Г.К. Накипова берген сұхбат. — 2016. — 20 наур.
- 9 Қ. Асанов берген сұхбат. — 2016. — 30 наур.
- 10 Б.К. Адамбеков берген сұхбат. — 2016. — 27 наур.

К.Т. Бөдеев

#### Декабрьские волнения в городе Караганде

В статье рассмотрены ход декабрьских волнений в городе Караганде, репрессивные мероприятия после подавления волнения, а также общая ситуация в обществе. Показано психологическое состояние участников декабрьских событий. Изучены списки участников волнений в городе Караганде. Автором проанализированы виды наказаний для участвовавших в декабрьских волнениях. Сделана попытка анализа характера гонений Советской властью в конце XX в. Приведены воспоминания участников декабрьских волнений.

K. T. Bodeev

#### December agitations in city to Karaganda

In the article reviews the December riots in the city of Karaganda, repressive measures after the suppression of unrest, as the overall situation in society. Participants examine the state of unrest in the city of Karaganda. Studied lists of participants, types of punishment. An attempt was made to describe the analysis of the nature of the persecution of the Soviet government in the XX century. Introduced in the scientific revolution memoirs of participants of the December riots.

#### References

- 1 *Conversation with Nesipov B.*, 2016, March, 26.
- 2 Lukpanov E. *December is an echo*, Karaganda: Bolashak-Baspa, 2001, 36 p.
- 3 GAKO, f. 205, op.6, t. 1384.
- 4 Mansuryly T. *Asia Tranzit*, 2000, 9, p. 8.
- 5 Sakkulakov Zh. *Center is Kazakhstan*, 2006, January, 3, p. 3.

- 6 Байжантаев В.Т. *Jazkazgan: December*. — 1986 year, Jazkazgan, 1999, p. 61.
- 7 *KSU archive*, f. 764, op. 2, c. 262, p. 1, 2.
- 8 *Conversation with G.K. Nakipova*, 2016, March, 20.
- 9 *Conversation with K. Asanov*, 2016, March, 30.
- 10 *Conversation with B.K. Adambekov*, 2016, March, 27.

Репозиторий Қарғу